

"2015 жылға Бесқарағай ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 114 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 179 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 65-бабы 3-тармағына сәйкес, Бесқарағай аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2015 жылға Бесқарағай ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 114 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылғы 24 сәуірде № 3912 нөмірімен тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бесқарағай ауданының әкімі

Н. Токсеитов